ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 05 тамыз 3514-24-00-2/3377 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының:
судьясы А.Қ. Бекқожинаның төрағалық етуімен,
хатшылықта А.Т. Кабишеваның қатысуымен,
алдын ала сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ЖАМАЛ» Жамал Әлімқызы Ақпан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚЫНДАР:
талап қоюшының өкілі И.А. Омарова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 21 мамырда «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «52859 әскери бөлімі» РММ-і, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «ЖАМАЛ» Жамал Әлімқызы Ақпан (бұдан әрі - ЖК «ЖАМАЛ», өнім беруші) арасында, бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларының негізінде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №181 келісім шарт жасалды (бұдан әрі – шарт).

Шарттың мәні – 40 дана иыққап (зат қабы) ҚР СТ 2773-2015 сай – тауарды жеткізу.

Шарттың жалпы сомасы – 498 600 теңге.

2024 жылғы 22 мамырда шарт аумақтық қазынашылық органында тіркелген.

2024 жылғы 05 маусымда өнім беруші шарттын орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізді.

Шарт бойынша тауарларды жеткізу мерзімі – шарт тіркелген сәттен бастап, 2024 жылғы 15 маусымға дейін жеткізілуге жатады.

Шарт 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Өнім беруші тиісті дәрежеде тауарларды жеткізген жоқ.

«52859 әскери бөлімі» РММ-і «ЖАМАЛ» ЖК-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Талап шарт бойынша міндеттемелер тиісті орындалмағанға негізделген.

Талап қоюшының өкілі талап қойып, жауапкер тауарларды жеткізбегінін, шарт біржақты тәртіппен бұзылғанын түсіндірді.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ. Сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК-і) 196-бабы 4-бөлігінің тәртібімен істі оның қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Сот АПК-нің 172-бабы 7-бөлігінің тәртібімен істі қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 12.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.09.2024, судья Беккожина А. К., 16.09.2024

3514-24-3-1/3572

Заңның 38-бабы 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот мемлекеттік сатып алу бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен жүргізілгенін, оның қорытындысы бойынша тараптар арасында шарт жасалғанын анықтады.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, тауарларды уақытында жеткізуге келісті және міндеттеме алды.

Сонымен қатар, жауапкер тауарларды жеткізбеген, өнім берушінің шарт бойынша міндеттемесі орындалмаған.

Осыған байланысты 2024 жылғы 24 шілдеде тапсырыс беруші шартты біржақты тәртіппен бұзды.

Талап қоюшымен Заңда көрсетілген мерзім сақталған. Мерзімнің бұзылу туралы фактісі талап қоюшыға 2024 жылғы 16 маусымда белгілі болды. Сотқа ағымдағы жылғы 28 маусымда «Төрелік» АЖ-нің сот кабинеті арқылы жүгінді.

Мұндай жағдайларда талап қоюшының талабы негізді және қанағаттандырылуға тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес талап қою берілген кезде талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот, АПК-нің 172, 223-226, 403 – баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «ЖАМАЛ» Жамал Әлімқызы Ақпанға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ЖАМАЛ» Жамал Әлімқызы Ақпан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ЖАМАЛ» Жамал Әлімқызы Ақпаннан 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде жергілікті бюджетке баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 12.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.09.2024, судья Беккожина А. К., 16.09.2024
3514-24-3-1/3572

істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Қ. Беккожина

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 12.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.09.2024, судья Беккожина А. К., 16.09.2024

3514-24-3-1/3572